

6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сейтимова Гульназ Абсаттаровнаның «Псаммопелитогалофиттердің кейбір түрлерінен фитопрепарат алу тәсілдері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына

ІШКІР

Қазақстанға өзге елдерден дәрілік заттар көп келеді, солардың біздің елге келуін азайту және оларға бәсекелес болу мақсатында Қазақстан фармацевтикасын дамыту үшін дәрілік өсімдіктердің химиялық құрамын толығымен зерттеп, олардың негізінде фитопрепараттар жасап өндіріске енгізу қажет. Қазіргі кезде әр түрлі ауруларды емдеу үшін дәрілік өсімдіктерге ерекше көңіл бөліне бастады. Дәрілік өсімдіктер мүшелерінің қалыптасу ерекшеліктерін білу оларды фармацевтикалық өндірісте ғылыми тұрғыдан кеңірек қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақстан жерінің көптеген бөлігі – шөл-шөлейт, сортаң жерлер екені белгілі, осындай жерлерде өсетін өсімдіктер-псаммопелитогалофиттердің химиялық құрамын анықтау қазіргі уақытта ғылыми және тәжірибелік тұрғыда үлкен қызығушылық тудыруда.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және бәсекелестікке қабілетті отандық фитопрепарат алу жолдарын жасау докторлық диссертацияның негізгі мақсаты мен міндеті болып саналады.

Сейтимова Гульназ Абсаттаровнаның ғылыми-зерттеу жұмысы қазақстандық псаммопелитогалофиттерді пайдаланып, фитопрепарат алудың оңтайлы жолдарын ұсынып, оның белсенділігін анықтауға негізделген.

Тұңғыш қазақстандық псаммопелитогалофиттерге іргелі зерттеулер жүргізілген, зерттеу нысандары – ҚР тұзды жерлерінде өсетін *Climacoptera obtusifolia*, *Climacoptera ferganica* және *Kochia prostrata* өсімдіктерінің фитохимиялық құрамын талдау, биологиялық белсенді кешен алудың ғылыми негіздерін ұсынып, фитопрепарат алу үшін үш түрлі тәсіл пайдаланған.

Өсімдік шикізаттарынан биологиялық белсенді кешендерді алу технологиясын оңтайландыру мақсатымен мацерация (тұндыру), Сокслет аппаратында циркуляциялық экстракциясы және лиофилдік құрғату көмегімен жүзеге асатын ыстық мацерия әдістері салыстырылған. Сонымен бірге тұңғыш рет «флэш-силикагель» сорбентіндегі колонкалы хроматографияны қолдана отырып, фенилпропаноидты қосылыстарды бөлу жолдары ұсынылған.

Climacoptera obtusifolia өсімдігінің сусамырға қарсы белсенділікке ие бутанол сығындысын бөлу үшін, алғаш рет тиімді сорбент ретінде жоғары кеуекті полимерлі МСІ гель СНР-20Р қолданған. Нәтижесінде сусамырға қарсы белсенділіктің негізгі әсер етуші заттары – Алабұталар (*Chenopodiaceae*) тұқымдасы үшін жаңа болып табылатын тамариксетиннің гликозидтері бөлінген.

Тұңғыш рет зерттеліп отырған өсімдіктерден екі жаңа фенилпропаноидты қосылыстар дара күйінде алынған – эйкозил-3-гидрокси-4-метокси-*транс*-циннамат (эйкозил *транс*-изоферулат) және диметокси-1,3-дифенилпропен.

Ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі Пәкістанда, Карачи қаласындағы Карачи университетінің Химия ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында (H.E.J Research Institute of Chemistry, International Center for Chemical Sciences, University of Karachi) жүргізілген.

Диссертацияның негізгі нәтижелері отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және Thomson Reuters компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие халықаралық басылымдарда жарық көрді.

Сейтимова Гульназ Абсаттаровнаның диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланған әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі жоғары және отандық фитопрепараттарды өндіруде ерекше орын алады, сол себепті 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуда, диссертацияға қойылатын барлық талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек деп, қорғауға ұсынамын. Ал ізденушінің өзі 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне иеленуге толық лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші
химия ғылымының докторы,
профессор

Бурашева

Бурашева Г.Ш.

